Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 қазандағы
№ 1328 қаулысымен
бекітілген

«Индер ауданы Көктоғай селосындағы су тазарту қондырғысын, I-II көтерілімін және су жүйесін қайта жаңғырту» нысаны бойынша
мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі

Көктоғай ауылы №4 30 10 2014 жыл

Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы мемлекеттік мекемесі
(комиссияны тағайындаған органның атауы)

2014 жылғы «18» шілдедегі №48 Индер ауданының әкімі С.Арыстанның шешімімен тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрамында:

Төраға – жергілікті атқарушы органының өкілі:

М.Алдерзин — аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

Төрағаның орынбасары – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органының өкілі:

Қ.Мұхаметқалиұлы — Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары.

Комиссия мүшелері - өкілдер:

Б.Иманғазиев — Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, тапсырыс беруші;

Ш.Ержанова — ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Индер аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы;

Н.Галламов — Индер аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы;

О.Хасан — Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімінің басшысы;

М.Құсайынов — Көктоғай ауылдық округінің әкімі;

М.Исимгалиев — «Атыраустройпроект» ЖШС-ның басшысы, бас жобалаушы;

А.Өтемұратов «Товарищество Экспертов-Строителей» ЖШС-ның директоры, техникалық қадағалаушы;

Т.Махметов «ТаскалаТрансГаз» ЖШС-ның директоры, бас мердігер.

АНЫҚТАДЫ:

1. Тапсырыс беруші Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі Атырау облысы, Индер ауданы, Көктоғай ауылындағы «Индер ауданы Көктоғай селосындағы су тазарту қондырғысын, I-II көтерілімін және су жүйесін қайта жаңғырту» нысанын пайдалануға қабылдауды ұсынды.

(объектінің атауы және құрылыстың түрі (жаңадан салу, кеңейту, қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру)

2. Құрылыс Көктоғай ауылдық округінің әкімінің 2012 жылғы «21» ақпандағы № 4

(шешім шығарған органның атауы)

жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге Атырау облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті

(рұқсат берген органның атауы)

2013 жылғы «10» маусымдағы № 251 рұқсаты негізінде жүргізілген.

3. Құрылысты *жүргізу барысында I-II көтерілімдерге диаметрі 160 мм-лік 3,86 км су құбырын жүргізу, жоба бойынша диаметрі 160 мм-лік 0,562 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 110 мм-лік 1,910 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 90 мм-лік 1,007 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 32 мм-лік 0,766 км. Нақты өлшем бойынша диаметрі 160 мм-лік 0,562 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 110 мм-лік 1,193 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 90 мм-лік 0,934 км көшеішілік су құбырын жүргізу, диаметрі 32 мм-лік 0,766 км тұрғын үйлерге су құбырын жүргізу, 7 дана өрт сөндіру гидрантын орнату, сыртқы қондырғының кешенді трансформаторлық подстанциясының түрі КТПГ-250-6/10/0,4, диаметрі 63 мм-лік 0,084 км полиэтилен құбыры арқылы газ желілерін тарту, 250 текше метрлік 1 дана резервуар, трансформатор қосылып, электр энергиясын тасымалдау, қоршауға арналған темірбетонды материалды әкеліп қоршау, абаттандыру, су айдау станциясы, жылу қазандығы ғимараты, 32 құдық, су тазарту нысандарының құрылысын жүргізу жұмыстарын* орындаған бас мердігер *«ТасқалаТрансГаз» ЖШС* жүзеге асырды.

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын орындаған бас жобалаушы *«Атыраустройпроект» ЖШС* әзірлеген.

5. Құрылыс *2012 жылғы 20 шілдедегі № 05-0280/12 мемлекеттік сараптама қорытындысы* бойынша жүзеге асырылған.

6. Жобалау-сметалық құжаттамасын *Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы К.Нұғымановаңың*

(объектіге (кезегі, іске қосу кешені) арналған құжаттаманы бекітуші (қайта бекітуші) органның атауы)
2012 жылғы «24» шілдедегі №81 бұйрығымен бекіткен.

7. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы *15 мамыр 2013 жыл*;
жұмыстың аяқталуы *31 желтоқсан 2014 жыл*;
құрылыстың ұзақтығы, ай:
норма бойынша немесе келісім-шарт бойынша *24 ай*;
нақты *15 ай.*

8. Мемлекеттік қабылдау комиссиясына мына құжаттамалар ұсынылды: *мемлекеттік сараптама қорытындысы, жобалау-сметалық құжаттары, көрінбейтін жұмыстардың актісі, сынақтан өткендігі туралы актілері.*
(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

9. Пайдалануға қабылдауға ұсынылған су тазарту қондырғысының мынадай көрсеткіштері бар:

Көрсеткіштер		Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңдар		га	1,665	1,665
Су тазарту қондырғысының қуаттылығы		$м^3$/сағ	850	850
Резервуардың көлемі		250 $м^2$	1	1
Ауылішілік су құбырларының ұзындығы	160 мм	км	0,562	0,562
	110 мм	км	1,910	1,193
	90 мм	км	1,007	0,934
	32 мм	км	0,766	0,766
Ауылішілік су бақылау құдықтары		дана	32	32
Өрт сөндіру гидранттары		дана	7	7
Су есептегіш құралдар		дана	44	44

10. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мына деректермен сипатталады: *Нысанның жұмыс жасау процесі төмендегідей жүреді: Жайық өзенінен қалқымалы су айдау станциясы арқылы жаз кезінде су тұндыруға арналған қондырғыға, өзен суының лайлылығы жоғары кездерде сыйымдылығы 100 текше метрлік су сақтау резервуарына құйылады және су тұндыруға арналған қондырғыға жіберіледі. Екінші кезеңде тұндырылған су фильтрлерде балдырлардан, түстілігінен, бактериялардан тазартылып, сыйымдылығы 150 текше метр болатын темір бетон екі резервуарға құйылады. 3 кезеңде II көтерілімдегі су айдау станциясында бактерицидтен тағыда залалсыздандырылып, тұтынушыға полиэтилен құбырлар арқылы жолданады.*

11. Объектіде жобада көзделген, жеке сынағаннан және кешенді байқап көргеннен кейін оны қабылдау туралы актілер (көрсетілген актілердің тізбесі осы актінің

_____қосымшасында берілген) сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған.

12. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:
барлығы 380,266 млн. теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары:
152,573 млн. теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 170,191 млн. теңге.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімі:

Қабылдануға ұсынылған «Индер ауданы Көктоғай селосындағы су тазарту қондырғысын, I-II көтерілімін және су жүйесін қайта жаңғырту» нысаны
(объектінің атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы:

М.Алдерзин _____
(қолы, күні, мөр)

Мемлекеттік қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары:

Қ.Мұхаметқалиұлы _____
(қолы, күні, мөр)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

Б.Иманғазиев _____
(қолы, күні, мөр)

Ш.Ержанова _____
(қолы, күні, мөр)

Н.Галламов _____
(қолы, күні, мөр)

О.Хасан _____
(қолы, күні, мөр)

М.Құсайынов _____
(қолы, күні, мөр)

М.Исимгалиев _____
(қолы, күні, мөр)

А.Өтемұратов _____
(қолы, күні, мөр)

Т.Махметов _____
(қолы, күні, мөр)